

**Молдажанова Панаркуль Каратаевна ұсынған «Арифметика және бастауыш сыныптағы есептер мен ұғымдар» атты авторлық бағдарламаға**

## **ПІКІР**

XXI ғасыр мектебінің мақсаты жас жеткіншектерді жауапкершілігі жоғары, парасатты, адамгершілік мәдениеті қалыптасқан, өмірге икемді, ұлтжанды тұлға қалыптастыру.

Мұғалімдер осы мақсатты орындауға бейімделген маман болуы шарт. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, басқа да көптеген қасиеттерінің қалыптасуына көмектеседі, оқу-тәрбие үдерісін дұрыс ұйымдастыруына әсерін тигізеді.

Қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұнының негізгі өзегі- қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, жеке басының, сондай-ақ қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

Білімді де білікті, салиқалы да парасатты, жан- жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу біз үшін маңызды іс болып отыр. Қазіргі жаңару кезеңінде біздің қоғамымыздың ілгерілеу процесінде оқушыларды жан-жақты жандандыру, ел өмірінің барлық жақтарын жаңарту проблемаларын күрделендіріп отыр.

**Молдажанова Панаркуль Каратаевна** ұсынған авторлық бағдарламада жоғарыда аталғандардың барлығы ескерілген. Бұл математика пәнінен арифметика және бастауыш сыныптағы есептер мен ұғымдар бойынша инновациялық тәсілдермен оқу мен қолданудың мотивациясын айтарлықтай арттырады. Сондықтан ұсынылып отырған бағдарлама оқу үрдісінде құнды авторлық бағдарлама болып табылады деп есептеймін.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік Университетінің оқытушысы, PhD докторы, Гуманитарлық -педагогикалық институт директорының орынбасары**



**Д.К.Омаров**